

2

Пәндерді оқыту әдістемесі

Методика преподавания дисциплин

Methodology of teaching disciplines

FTAMP 14.25.09

Көркем мәтінді қабылдау мен түсіну - интерпретация қадамдары

Б. Д. Жұмақаева^{*1}, Ғ.С. Қамбарова²

^{1,2} Сүлеймен Демирел университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.



Аңдатпа. Мақалада оқушының көркем шығарма оқу үдерісінде оқиға желісін түсініп қана қоюы жеткіліксіз екендігі, оқырман ретінде мәтінді сыни тұрғыдан түсіну мәселесі қарастырылады. Себебі, көркем шығарманы қабылдау мен түсіну әдебиет пәнін оқытудың функционалды міндеттерін құрайды. Әдеби шығарма оқырманның мәтінмен және сол арқылы автормен бейвербалды диалогі, тәуелсіз коммуникативті әрекет екендігі белгілі, Едеше мағынаны тануда шығарма мазмұнын құрайтын негізгі авторлық қолданыстарды түсінудің маңыздылығы пайымдалады. Оқушылардың мәтінді саналы оқып, талдауға жетелейтін нақты мысалдар келтіріледі. Сөздер мен тіркестердің мағынасын ашу арқылы, оқушылардың әдеби шығарманы қабылдауы мен түсінуі деңгейін көтеруге ықпал ететін нақты әдіс-тәсілдермен тапсырмалар үлгісі ұсынылады. Тапсырмаларда әдеби шығарманың оқиға желісіне қатысты бөлігі немесе кейіпкер іс-әрекетіне қатысты нысандар берілген. Мақаланың қорытындысында, мәтінді түсініп оқу автор мен оқырман әлемінің байланысы, автор мен оқырман әлемінің қарсы қадамы екендігі тұжырымдалады.



Кілтті сөздер: интерпретация, автор, оқырман, көркем шығарманы түсіну, қабылдау, мәтінді талдау, әдебиетті оқыту әдістемесі.

Кіріспе

Әдеби шығарманы оқу тек мәтін бойынша ақпарат алу ғана емес. Бұл тұрғыда әдеби шығарма мен өзге пәндердегі оқу материалын оқудың елеулі ерекшелігі бар. Әдеби шығарма - образды әлемге, поэтикалық тілге құрылған күрделі жүйе. Көркем мәтінде тілдік қолданыстардың

денотат мағынасынан бөлек коннотациялық мағынасы, поэтикалық, образды мәнін түсіну үшін сөздің қолдану аясындағы (сөйлем ішінде, мәтін бөлігіндегі) қалпын зерделеу аса маңызды. Автордың дүниетанымы мен шығармашылық ізденісінен туған «өнімді» оқушының оқиға желісіне қатысты ғана түсінуі жеткіліксіз, оқырман ретінде көркем әлемге арала-

суы, қиялын ояту және оқылған шығарманы сыни тұрғыдан түсінуі маңызды. Бұл әдебиет пәнін оқытудың функционалды міндеттерін құрайды. Әдеби шығарма күрделі танымдық жүйе десек, сол жүйеге дендеп бойлау үшін оқушының алғашқы қабылдауын ұйымдастыру аса маңызды. Көркем шығарманы оқушының оқырман ретіндегі қабылдауы – оның өміртанымдық, эмоциялық, эстетикалық тәжірибесіне сүйенетін күрделі шығармашылық үдеріс. Психолог О. И. Никифорова көркем шығарманы қабылдауды үш кезеңге бөледі: «1 кезең – елестеу, 2 кезең – идеялық мазмұнын түсіну, 3 кезең – көркем шығарманың оқырманның жеке тұлғасына әсері» [1]. Қабылдаудың аталған үш кезеңі де шығарманы оқу үдерісінде жүзеге асады. Әдеби шығарманың оқылымы оқырманның өмірлік тәжірибесіне, оның жалпы дайындығы мен біліміне, қабылдау мен қиялына, құндылығы (тарихи және мәдени) мен ұстанымдарына байланысты әртүрлі интерпретациясына мүмкіндік береді әрі әдеби мәтінді оқудың өзектілігін танытады. *(Бұл теориялар Г.Г. Гадамер, [2] Ф.Шлейермахер [3] еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Сондай-ақ әдебиетті оқыту әдістемесі саласында Ы. Алтынсарин, Ә. Қоңыратбаев, [4] В. Г. Маранцман еңбектерінде тұжырымдалған [5]).* Әдеби шығарма оқырманның мәтінмен және сол арқылы автормен белсенді қатынасын (бейвербалды диалогін) қамтиды. Бұл тәуелсіз коммуникативті әрекет, сол арқылы оқырман мәтіннің деректері мен өзінің ресурстарына (тілдік, мәдени, адамгершілік және т.б.) сүйене отырып, мәтіннің өзіндік проекциясын құрады, түсінігін қалыптастырады. Бұл тұста аса көңіл бөлетін мәселе - әдеби шығарманың тілдік ресурсы. Көркем шығарманың тілін көбіне көркемдік, стилдік жағынан талданатын нысан ретінде қарастыру сияқты біржақты түсінік басымдық алған. Негізінде әдеби шығарманың тіліне мән беру екі түрлі мақсатта жүзеге асылуы керек:

- 1) жекелеген тілдік қолданыстардың мағынатын танымдық функциясы;
- 2) шығарма тілінің көркем-эстетикалық функциясы.

Алғашқысы – шығарманың тілдік ресурсын құраушы мазмұндық мәнде қарастырылуы. Оқушының тілдік тұлғасына, яғни сөздік қорына сүйене отырып түсінік деңгейін есепке алу мен әдеби мәтін ауқымында оқушының тілдік қорын дамыту көзделуі қажет. Яғни оқушы әдеби мәтінді оқығанда өзінде қалыптасқан түсінік баспалдағынан жаңа деңгейге көтеріледі. Әр шығармадағы жаңа сөздер, жаңа мағына арқылы сөздік қоры толыға түседі. Сондықтан мұғалім де, оқушы да көркем шығарманың ой әлемін арқалап тұратын негізгі қолданыстарға мән беруі керек. Сөз – ойдың «киімі», ойды жеткізудің құралы. Әдеби шығарманың өн бойында тілдік құрал әртүрлі формада: жеке сөз, сөз оралымы немесе сөз тіркестері (тұрақты сөз тіркесі) қалпында келіп автордың ойына тірек болып негізгі мағынаны арқалап тұрады. Кейде шығармадағы сөз қолданысын түсінбеу, тұтас шығарма мазмұнын жете түсінбеуге соқтырады. Бұдан туатын қорытынды шығарманың түсіну дейгейінде барлық сөзге талдау жасау керек деген жаңсақ пікір туындамау керек. Сол шығарма мазмұнын құрап тұрған негізгі авторлық қолданыстар назардан тыс қалмай, мағынаны терең түсінуге ықпал етуі маңызды. Ал шығарма тілінің көркемдік әлеміне көңіл бөлу талдау деңгейінде жүргізіледі.

Материалдар мен әдістер

Әдеби мәтінмен жүргізілетін жұмыстарда қолданылатын белсенді әдістердің дені вербалды жүйеде жүргізіледі: сөздік әдістері, зерттеушілік әңгіме, түсіндіру, баяндау белсенді қолданылады. Әдебиетте әдеби шығарманы оқытуды баяндау әрекетінен бастаудың өзіндік мәні бар. Баяндау әдеби мәтінге интерпретация жасаудың алғашқы өнімі. Баяндау – белсенді оқу әрекеті. Баяндау оқушының түсінік дейгейін анықтап қана қоймай, әдеби шығарманың құрылым жүйесіне алғашқы бағдар ретінде және әдіскер ғалым А. М. Лаушинаның пікірімен айтқанда оқушының ақыл-ой белсенділігін танытатын үдеріс ретінде анықталады. Баяндау – әдеби мәтінді шығармашылық «өңдеуден» тұратын ой-таным жұмысы.

Оқушының ойды құрылымдап жүйелі сөйлеуіне ықпал ететін функционалды мақсат. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» ғылымында мәтінді баяндау, мазмұндау оқу әрекеті ретінде көптен белгілі әрі оқу пәнінің мазмұны мен ерекшеліген сай міндеттелетін оқыту мақсаты. Мәселен, Р. Құтхожина әдістемелік еңбегінде мазмұндаудың бірнеше нұсқасын ұсынған: «Мазмұндау: а) мәтінге жуық мазмұндау; ә) мәтін мазмұнын қысқартып (тезис түрінде) мазмұндау; б) мәтіндегі сөйлеуші жақты өзгертіп (бірінші жақтағы баяндауды үшінші не екінші жақта) мазмұндау; в) мәтіннен қажетті үзінділерді бөліп мазмұндау; г) ауызша мазмұндау; д) сұрақ-жауап» [6].

Оқу бағдарламасының өңделген нұсқасында мәтінді тұтас бастан аяқ мазмұндау міндеті қойылмаса да, сыныптар бойынша жіктелген баяндау мақсаты арқылы оқушының алғашқы түсінігі мен қабылдауын айқындауға, шығарманың игерілу сапасын аңғаруға болатын оқу-таным әрекеті жүзеге асырылады. «Диалогты оқыту» технологияларының негізінде де осындай вербалды жүйе жатыр.

Мысалы, Абайдың отыз бірінші қарасөзіндегі негізгі ой түйіндер айқындап көрейік:

«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде *фибрәтлану* керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, *көңілге бекіту* керек; төртінші - *ойкеселді нәрселерден қашық болу* керек. Егер кез болып қалса, *салынбау* керек. *Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу* секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі *ақыл* мен *ғылымды тоздыратұғын* нәрселер» (А. Құнанбаев).

Алғашқы сөйлем осы шағын мәтінге жетекші, айқындаушы сөйлем. Ақпаратты / білімді еске тұтудың төрт түрлі себеп, шарт барілген, ал қалған мәтін осы негізгі ойды таратуға қызмет етеді (*ескертпе: әр шығарманың құрылымы әрқилы, өзіндік даралығымен ерекшеленеді.*

Барлық мәтінде бірінші сөйлем негізгі ойды қамтып тұрады деген жаңсақ ой тумауы керек. Әдетте, көркем мәтін композициясы, соның ішінді әр азат жолдың өз құрылымы: шиыршық, сатылы, жинақтық, шеңбер сияқты т.т. құрылымдарымен ерекшеленеді). Мұғалімнің міндеті сол – оқылған шығармадағы негізгі ой түйіндерді оқушы меңгере алды ма, кейбір күрделі ұғымдардың мағынасына жетіп мәтінді толық түсіне алды ма дегенді есепке алу. «Зерттеушілік әңгіме» тәсілімен жүргізуге немесе тапсырма арқылы «әдеби шығарманы түсіну» деңгейін көтеруге болады.

Тапсырмалар сипаты:

- «Көкірегі байлаулы», «көңілге бекіту» тіркестерін қатыстыра отырып мәтінді баяндаңыз.
- «Кесел» сөзінің синонимдік қатарын жасаңыз. Әрқайсысын «ой», «сана» сөзімен тіркестіріңіз.
- «Салу» мен «салыну» сөзін салыстырыңыз. Өздік етіс жұрнағын (-ын, -ін) бірнеше етістікке жалғап айтыңыз. Сол арқылы «қайғыға салынбау» деген сөздің мәнін түсіндіріңіз.
- «Уайымсыз», «салғырт» сөздерінің синонимдерін жазыңыз. Уайымсыз, салғырт, ойыншы-күлкішіл адам қандай? Өз пікіріңізді білдіріңіз.
- Қайғы мен құмарлық дегенді қалай түсінесіз? Өз пікіріңізді айтыңыз.
- «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар» Осы сөйлемді өз жаныңыздан қайта құраңыз. Барыс септігінің орнына қандай форма қолдануға болады? «Естіген нәрсе» деп автор нені меңзеп тұрғанын болжаңыз.
- Абайдың отыз бірінші қарасөзінің мағынасын сызбаға/кластерге түзіңіз.

Дәл осындай тапсырманы өзге шығармаларға да қолдана отырып, оқушының түсінік деңгейін тереңдету аса маңызды. Мәтінді түсініп оқу үшін қарамен бел-

гіленген сөздер мен тіркестердің мағынасын аша отырып, оқушылардың қабылдауын мен түсінігін есепке аламыз.

«Менің бір көршім болды. **Өкіреш** деп қоятынбыз, шын аты Самат. Бойы екі метрге **жетеқабыл**, қолы да **сала-құлаш**. Сол **Өкіреш** біздің ауылдағы мергеннің бірі. Біздің ауылда негізі **«асықтың майын ішкен»** мерген екеу. Біреуі – Украин көшесіндегі (орыс, украин ұлтының өкілдері тұратындықтан сөйтіп аталып кеткен) Петька. Петьканың шын атын әлі күнге білмейді екенмін, аты Петька болғанмен **заты қазақ**, әйтеуір. **Өкірештің сұлбасы ебедейсіз** болғанмен, асыққа келгенде епті. Бар денесімен созылып барып, шоқып атады, ал Петька жалпақ бас, **қамыт аяқ**, жұдырықтай бала, **сақасын жер бауырлатып** жібереді үнемі. Екеуі талай мәрте жекпе-жек ойнап көрді, олардың ойыны тым ұзаққа созылып кетеді. Аяғына дейін көріп отыра беруге елдің тағаты жеткен емес... Содан ауыл балалары ақылдаса келіп, бес асықтан ғана беріп **тайталастырып** байқады. Мұндай бәсекенің қанша мәрте болғанын білмедім, мен бесеуіне куә болыппын, соның үшеуінде **Өкіреш**, екеуінде Петька жеңіске жетті. Ал біз секілді шаламергендермен олар **сол қолымен ойнайды**. Соның өзінде шақ-шәлекейімізді шығаратын сабаздарың...» (Е.Айдабосын «Қызыл сақа» әңгімесінен).

Нәтижелер

Әдеби шығамадағы тірек ұғымдарды байыптау, мағынасын әлі меңгермеген сөздерге көңіл бөлу «мәтіннен түсінбеген сөздеріңді айтыңдар», «түсінбеген сөздерге түсінік жазыңдар» сияқты өнімсіз тапсырмалардан гөрі әлдеқайда кең түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың мәтінді саналы оқып, түсініп баяндауын қамтамасыз етеді. 5-сыныпқа ұсынылған өзге прозалық шығармаларға да («Әжемнің әңгімесі» әңгімесі, Б. Соқпақбаев «Менің атым – Қожа» хикаяты, т. б.) осы жүйеде оқыту мақсатын қоя аламыз.

Әдеби шығарманы қабылдау мен түсіну деңгейінің нәтижелері оқушылардың

мәтінге жақын баяндау мен мәтін талдау жұмыстарында көрініс табады. Мәтінді түсіну интерпретациясының әртүрлі болуы заңды, тек объективті қабылдауға қатысты негізгі мәннен ауытқымауын қадағалау қажет. Мәселен, «Кесел» сөзінің синонимдік қатарын жасаңыз. Әрқайсысын «ой», «сана» сөзімен тіркестіріңіз» тапсырмасына «кесел», «қисық», «қыңыр», «ауру», «дерт», «бітеу жара», «сыздауық», «аттың алқымына шығатын ауру» сияқты түсінік берілген.

Ал поэзиялық шығармаларды алғашқы қабылдау мен түсінікті анықтауда тірек ұғымдарды жұмыс жүргізіледі. Әдіскер-ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Лирикалық өлең-жырлардың тағы бір ерекшелігі – көлемі шағын келіп, ой тұжырымдалып айтылатындықтан, сөздің мәндік және мағыналық қасиеті, салмағы арта түседі», - дейді. Өлең мәтіндегі сол мәндік мағыналық сөздерді айқындау мәтінді толыққанды қабылдауға да қызмет етеді. Мәселен, 5-сыныптағы А.Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» мысал өлеңі:

*Бір адам жас баласын жанына алды,
Екеуі **сайран етіп** кетіп қалды.
Қыдырып әрлі-берлі жүрді дағы,
Егінші егін еккен жерге барды.
Аралап әр егінді қарап жүрді,
Кез еді пісіп болған егін түрлі.
Бастарын дәнге толған төмен салып,
Бидайлар бейне **тағым етіп** тұрды.
Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке
қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.
Баланың сол бидайға көзі түсіп,
Білмекке кетті көңіл жөнін сұрап:
«Құбылып бидайлар тұр басын
салып,
Жіберген мырза Құдай **нұрға қанып**.
«Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып.
Бұл Бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шекірейіп өзі көпке.
Өзіне өзгелерді теңгермейтін,
Соншама бұл бидайдың дәні көп
пе?»
«Айтайын мұның мәнін, балам, саған,
Шырағым, түрін көріп **таңданба** оған.*

Өзгесі төмен қарап бүгілгенде,
 Ойлама кем екен деп бәрі сонан».
 Және де әкесі айтты баласына:
 «**Сұқтанба** құр сорайған қарасына.
 Құдайым өзгесіне дән бергенде,
 Бұл бидай дәнсіз қапты арасында.
 Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сыйынып тұр.
 Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.
 «Елде көп бұл бидайдай адам, -
 дейді,
Тәкаппар, оны халық, жаман, - дейді.
 - Қалпы емес тәкаппарлық
 данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам», - дейді.

Өлеңдегі курсивпен берілген сөздер мағынасына көңіл бөлу керек нысандар болса, әкенің балаға айтар ғибратының тірек ұғымдары қарамен берілген сөздерде, яғни «таңданба», «сұқтанба», «тұтынба» деген пайыммен берілген. Әр шығармада оқушы түсінбейтін, қолданысқа түсірмейтін сөз, ұғым қалмауын қамтамасыз ете отырып оқушының әдеби мәтінді түсіну деңгейін кеңіту мүмкіндігін туғызу мағызды. Сол арқылы оқушының сөздік қорын молайтып танымдық белсенділігін арттырамыз. Әр мәтіндегі негізгі ұғым сол мәтінді түсінудің, ұзақ жадта сақтаудың да кілті бола алады. Негізгі сызба-нұсқа 1-кестеде ұсынылған:

1-кесте – Мәтіндегі негізгі ұғымдарды анықтау кестесі

Түйін сөздер	Мәтіннен мысал	Өзіндік ойын дәйектеу
«тағзым ету» «нұрға қану»	Бастарын дөнге толған төмен салып, Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды	
«шекірейіп»	Бұл Бидай көтеріп тұр басын көкке, Қарайды шекірейіп өзі көпке.	
«таңданба», «сұқтанба», «тұтынба»	Шырағым, түрін көріп таңданба оған, «Сұқтанба құр сорайған қарасына, Тұтынба бұл мінезді, балам»	

Талқылау

«Әдеби шығарманы түсіну» бөлімшесіндегі оқыту мақсаты 5-тен жоғары сыныптарда шиыршық әдісімен ұсынылған. Негізгі ұстаным ортақ болғанымен сынып жоғарылаған сайын оқу-таным әрекеті күрделеніп дамытыла беріледі. Оқушыға оқиға желісін бастан-аяқ баяндау міндеттелмейді. Тапсырмаларда әдеби шығарманың оқиға желісіне қатысты бөлігі немесе кейіпкер іс-әрекетіне қатысты нысандар ұсынылады. Мәселен,

«...Тортай **тас күркеніұядай қылып** жинап, тазалап қойыпты. Бұдан бұрында осы жерге сан рет келіп, мекеніне ай-

налдырған секілді. **Қайран қалдым.** Ағаштан қиып **нар жасап**, үстіне шөп төсеген. Өзіне тиесілі кітаптар әбден көп оқылғандықтан, **жемтір-жемтір** болып бір бұрышта жинаулы тұр. Төр алдына **ешкінің терісі** төселген. Қарағайдың жуан **кеспелтек шәркесінен** стол жасап, май шам қойыпты. **Тастан қаланған** жерошақта маздап жанған от. **Сіркіреп жаңбыр жауды.** Үңгірге су тимейді екен. Күн бұлтты болған соң ба, ымырт ерте үйіріліп, **көз байлана** бастады. Үйден ұрлап алып шыққан нан мен ірімшікті столдың үстіне қойдым. Нардың шетінде жалаң **аяғын салбыратып** үнсіз отырған Тортай: «Рақмет», - деді. Үні бір түрлі **көңілсіз, қарлығыңқырап** шықты. Ешкім

жоқта жылаған секілді, оттың сәулесі тиген көзі қызарып, домбығып тұр еді...» (О.Бөкей. «Тортай мінген ақ боз ат».

- Тортайдың тұрған үйінен қуылған кездегі тіршілігін сипаттап жеткізіңіз.
- Тортайдың тіршілік әрекетін баяндаңыз,
- Күрке ішіндегі заттық деректерге мән бере отырып, орналасу қалпын түсіндіріңіз;
- Кейіпкердің көңіл-күйін, баяншы-кейіпкермен қарым-қанытасын жеткізіңіз, т.б.

Ал поэзиялық шығармаларда тірек ұғымдарға сүйене отырып идеялық мазмұнды қамту көзделуі керек. Мәселен,

*Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де — бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!*

*Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.*

*Бастапқы екеу соңғысыз
Біте қалса қазаққа,
Алдың — жалын, артың — мұз,
Барар едің қай жаққа?*

*Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйгі алма*

*Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.*

*Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстазтық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.(Абай)*

- Абай «Әсемпаз болма» деу арқылы қандай адам мінезін, болмысын сынға алғанын пайымдаңыз;
- Негізгі тірек ұғымдарды анықтаңыз.
- «Бастапқы екеу соңғысыз, Біте қалса қазаққа» деген тармақтағы ақын меңзеген бастапқы мен соңғы ұғымдарын айқындаңыз.
- Өлеңдегі «майданға түспей бәйге алу» мағынасын ашыңыз.
- «Езбе» сөзінің мағынасын аша отырып, қандай адамды нұсқап тұрғанын түсіндіріңіз.

Қорытынды

Тұжырып айтқанда, әдеби шығарманы түсіну үшін мәтіннің (шағын бөлігінің өзін) тиісті түрде зерделеу қажет. Мәтіннің мағыналық мәндік қабатын айқындап, танымдық деңгейде оқудың өзі интерпретацияның алғашқы қадамы саналады. Теориялық және практикалық талдауларда айқындалып жүргеніндей, интерпретация үдерісі бірнеше кезеңді қамтиды: болжам, зерделеу, гипотеза, негізгі мағынаны тану және оларды белгілі мәліметтермен салыстыру, мәтіннің мағынасын түсінетін алғашқы екі кезеңді үйлестіру. Мәтінді түсініп оқу автор мен оқырман әлемінің ұшырасуы, автор мен оқырман әлемінің қарсы қадамы. Ғалымдар интерпретация үдерісінде реципиент өзінің мәтін проекциясын құратынын айтады. Сол арқылы мәтінді өзіндік бағалау, яғни аксеологиялық интерпретацияның да алғашқы баспалдақтары қаланады.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Никифорова, О. И.** Психология восприятия художественной литературы / О.И. Никифорова. – М.: Книга, 1972. – 152 с.
2. **Гадамер, Г.-Г.** Диалектическая этика Платона: феноменологическая интерпретация «Филеба»: пер. с нем. и предисл. О.А. Коваль. СПб.: С.-Петербургское философское о-во, 2000. – 255 с.

3. Шлейермахер, Ф. // Большая советская энциклопедия: в 30 т. / Гл. ред. А. М. Прохоров. — 3-е изд. — М.: Сов. энцикл., 1969.
4. Қоңыратбаев, Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 1985.
5. Маранцман, В. Г. Богданова О. Ю. Методика преподавания литературы 1995.
6. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / Р. Құтқожина, Қ. Бітібаева, Е. Арын. 3-басылымы, өңделген. — Алматы: Атамұра, 2012. — 288 б.
2. Gadamer, G.-G. Dialekticheskaja jetika Platona: fenomenologicheskaja interpretacija «Fileba»: per. s nem. i predisl. O.A. Koval'. SPb.: S.-Peterburgskoe filosofskoe o-vo, 2000. — 255 s.
3. Shlejermaher, F. // Bol'shaja sovetskaja jenciklopedija: v 30 t. / Gl. red. A. M. Prohorov. — 3-e izd. — M.: Sov. jencikl., 1969.
4. Qoñyratbaev, Ä. Ädebietti oqytu metodikasy. — Almaty: «Mektep» baspasy, 1985.
5. Marancman, V. G. Bogdanova O. Ju. Metodika prepodovanija literatury 1995.
6. Jalpy bilim beretin mekteptiñ 7-synybyna arnalğan oqulyq / R. Qūtqojina, Q. Bitibaeva, E. Aryn. 3-basylymy, öñdelgen. — Almaty: Atamūra, 2012. — 288 b.

References

1. Nikiforova, O. I. Psihologija vosprijatija hudozhestvennoj literatury / O.I. Nikiforova. — M.: Kniga, 1972. — 152 s.

Восприятие и понимание художественного текста – шаги к интерпретации

Жумакаева Б.Д.*¹, Камбарова Г.С.²

^{1,2} Университет имени Сулеймана Демиреля
г. Алматы, Республика Казахстан



Аннотация. В статье рассматривается проблема того, что учащемуся недостаточно просто понять сюжетную линию в процессе чтения художественного произведения, а как читателю – критически осмыслить текст. Это связано с тем, что восприятие и понимание художественного произведения являются функциональными задачами преподавания литературы. Литературное произведение характеризуется как невербальный диалект и самостоятельная коммуникативная деятельность читателя с текстом и, следовательно, с автором. В понимании смысла рассматривается важность понимания основных авторских применений, составляющих содержание произведения. Приводятся конкретные примеры, которые приводят учащихся к сознательному чтению и анализу текста. Предложены конкретные приемы и примеры заданий, способствующие повышению уровня восприятия и понимания учащимися литературного произведения через раскрытие смысла слов и выражений. В заданиях дается часть литературного произведения, относящаяся к сюжетной линии, или объекты, относящиеся к действиям героя. В заключении статьи делается вывод о том, что осмысленное чтение – текста-это столкновение мира автора и читателя, шаг навстречу миру друг друга.





Ключевые слова: интерпретация, автор, читатель, понимание литературного произведения, рецепция, анализ текста, методика обучения литературе.

Perception and understanding of a literary text: stages towards interpretation

Zhumakayeva B. D.^{*1}, Kambarova G. S.²

Suleyman Demirel University
Almaty, Republic of Kazakhstan

 **Annotation.** The article deals with the problem that it is not enough for a student to simply understand the storyline in the process of reading a work of fiction, but as a reader -to critically comprehend the text. This is due to the fact that the perception and understanding of a work of art are functional tasks of teaching literature. A literary work is characterized as a nonverbal dialect and an independent communicative activity of the reader with the text and, consequently, with the author. In understanding the meaning, the importance of understanding the main author's applications that make up the content of the work is considered. Specific examples are given that lead students to conscious reading and analysis of the text. Specific techniques and examples of tasks are proposed that contribute to increasing the level of perception and understanding of a literary work by students through the disclosure of the meaning of words and expressions. The tasks give a part of the literary work related to the storyline, or objects related to the actions of the hero. In conclusion, the article concludes that meaningful reading of the text is a collision of the world of the author and the reader, a step towards each other's world.

 **Key words:** Interpretation, author, reader, understanding of literary work, reception, text analysis, methodology of teaching literature.

Материал баспаға 24.02.2023 ж. келіп түсті.